



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

сужаться. Несмотря на это, а также на социальный статус, возраст, различие интересов разных слоев людей употребление рассмотренных видов лексического пласта русского языка не имеет ни границ и ни ограничений, что ярко прослеживается в речевом общении коммуникантов.

Список использованных источников:

1. Лихолитов, П.В. Компьютерный жаргон [Текст] / П.В. Лихолитов // Русская речь. – 1997. – №3. – С.55-58.
2. Лингвистика. Компьютерный жаргон Режим доступа: Linguistic.ru
3. Терехова Г. В. [Теория и практика перевода](#) Оренбург, 2004
4. Охова И.А. Компьютерный жаргон и его некоторые семантические особенности Пятигорск: ПГЛУ, 2008.
5. Виноградова Н. В. Компьютерный сленг и литературный язык: проблемы конкуренции. - Исследования по славянским языкам. - № 6. - Сеул, 2001. - С. 203-216.
6. Хомяков В. А. Введение в изучение слэнга – основного компонента английского просторечия. – Вологда: ВГПИ, 1971. – 104 с.
7. Крысин П. Социологические аспекты изучения современного русского языка. – М.: Наука, 1989. – 186 с.
8. Кулахметов А.Х. Нелитературные варианты языка: характеристика, особенности и факторы употребления в речи, - Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2014.
9. Мещеряков В.А. Словарь компьютерного жаргона. – Воронеж: Издательство Воронежского государственного университета, 1999. – 120 с.

ОӘК: 810.11:381.62

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АНТРОПОНИМДЕРДІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ДАМУ ҮРДІСІ

Құдыс Дулат Базарбайұлы

dulat--93@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Шетел тілдерінің теориясы мен тәжірибесі кафедрасының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Досжан Г.А.

Біз антропонимдік атауларымызды шетел тіліне транслитерациялау, қазақшаға аудару мәселелеріне де тоқталдық. Халықаралық стандарт бойынша атауларымыз кез келген тілде ұлттық нормаға сай бірдей оқылатын болса ғана ең тиімді әліпби болып есептеледі. Бұл көп жағдайда «қайтарымдылық» қағидасына байланысты атау [1, 10 б].

Өкінішке орай, қазіргі қолданыстағы стандарт кирилл жазуына негізделген. Өйткені кириллицаға кері ретранслитерациялағанда қазақ тілінің қ, ң, ғ, ө, ә дыбыстары жоғалып кетеді де, орнына орыс тіліндегі к, н, о, а графемалары жазылады. Сондықтан қазақ антропонимдік атауларын бірізге түсіру мәселесі өзекті күйінде қалып отыр. Мәселен, жер-су атаулары, азаматтардың аты-жөндері латын негізді қазақ жазуының тек ұлттық стандарты қабылданғанда ғана адекватты көрініс табатындығы анық, яғни төл дыбыстардың жазылуы, айтылуы сақталмақ.

Жалпы, антропонимдік атауларды шет тілінде жазу, белгілі бір ортақ стандарт үлгісін айқындау мәселесінде БҰҰ жанындағы Стандарттау комиссиясы дамушы елдерге көмек көрсетеді екен, біз осы комиссияға мүше болуға ұмтылуымыз керек деген тілек білдірдік. Бұдан өзге де көптеген мәселелерді талқыға салып, пікір алмастық.

Қорыта айтқанда, мұндай сапарлардың пайдасы орасан зор. Себебі халықаралық дәрежеде тәжірибе алмасып, дүниежүзінің ономастика мәселелерінен хабардар болып отыру еліміздегі ономастика ғылымының дамуына айтарлықтай септігін тигізері сөзсіз [2, 5 б].

Қолданбалы ономастика нақты тілдер мен тілдік үрдістер негізінде жалқы есімдердің ерекшеліктерін ескере отырып, формасы, транскрипциясы, орфография, орфоэпия нормаларын және грамматикалық формаларға түрленуін нақтылайды. Ономастиканың бұл саласы шет тілдік жалқы есімдердің графика, орфография және аудару (транслитерация және транскрипция) нормаларын қабылдаушы тіл арқылы тағайындайды. Антропонимдік атаулардың графикасы бүгінгі күнге дейін тіл тілде шешімін тауып бітпеген проблемалардың бірінен саналады Ономаст ғалымдар Қазақстан территориясындағы ономастикаға қатысты бүгінгі іс-шараларды негізінен мынадай 3 бағытта басшылыққа алу қажеттігін көрсетіп отыр: 1) үстемдікпен өзгертілген жер-су атауларын байырғы тарихи атауларымен алмастыру; 2) транскрипциясы бұрмаланған немесе қате жазылған жер-су атауларын қайта қалпына келтіру; 3) атаулары отаршылық-тоталитарлық сипаттағы елді-мекендерді, білім және мәдениет ұйымдарын қайта атау [3, 24 б].

Бірқатар шетелдік әріптестеріміздің ғылыми бағыттарымен танысып, алдағы уақытта тәжірибе алмасып тұруға уағдаластық. Мысалы, неміс ғалымы Г.Родригез Германия мен Австриядағы түркітөкес атауларды салыстыра зерттеп жүрсе, француз ғалымы Е.Карсенат ономастикадағы компьютерлік технологияларды, ал эстониялық ономаст ғалым П.Пелль түрлі тілдердегі латынша транслитерация стандарттарын зерттеумен айналысады екен.

Тілден тілге аударылмайтын онимдердің транскрипциясы мен транслитерациясына қатысты зерттеулер А.В. Суперанская, А.А. Реформатский, Л.В. Щерба, Б.А. Успенский, Л.Р. Зиндер, Н.Ф. Яковлев, А.М. Сухотин, Р.О. Якобсон, С.В. Калесник, Х. Зикмунд, С.А. Бондарук, С.А. Тюрин, Я.И. Шубов, В.Э. Сталтмане, Л.К. Максимова, Л.П. Калакуцкая, А.С. Титова, С.Л. Берг, Д. Кармышева, А.М. Комков, Д.И. Ермолович, Р.А. Лидин, Р.С. Гиляревский, Б.А. Старостин, М.В. Горская, А. И. Рыбакин, И.П. Литвин, Е. [4, 20 б]. *Garfield, Thomas T. Pedersen, Randal K. Berry, Michae C. Walker*, т.б. көптеген кеңестік және батыс ғалымдары еңбектерінен орын алады. Ал қазақ антропонимдері мен топонимдерінің графикасына, оның ішінде орыс тіліндегі транскрипциясына қатысты зерттеулер Т. Жанұзақ, Е. Керімбаев, Ғ.К. Қоңқашпаев, Е. Қойшыбаев, А. Әбдрахманов, С. Әбдрахманов, В.Н. Попова, т.б ғалымдар еңбектерінде кездеседі. Бұл ғалымдар негізінен кісі есімдері мен жер-су атауларының орысша транскрипциясын, олардың түпнұқада айтылым нормаларынан ауытқуын сынға алып, қазақ атауларының қазақша айтылуына мейлінше жақын жазылуын сақтау үшін орыс тілінің барлық мүмкіндігін сарқа пайдалану қажеттігін меңзейді.

Дегенмен, қазіргі таңда әр түрлі себептермен түбірімен өзгеріп, халықтың жадынан шығып, жоғалып кеткен көптеген топонимдердің бастапқы қалпын қайта келтіру оңайға түспейтін тәрізді. Оларды қайта тіктеу енді тек көне құжаттарды көтеру арқылы іске асуы мүмкін. Ал ондай мүмкіндік болмаған жағдайда уақыт оздырмай тек көнекөз қариялардың (барында) жадында сақталған деректерді қолға түсіріп қалу мүмкіндігінен ғана нәтиже күтуге болады (*Шолақаша* елді мекенінің ашылу жолына қараңыз [5, 11 б.]).

Бұл мәселеге БҰҰ: *"Best method to achieve international standardization is through strong programs of national standardization"*, яғни *„халықаралық стандарттауға тек қатаң ұлттық стандарттау бағдарламалары арқылы қол жеткізуге болады“* дейді. Мемлекеттік антропонимдік комиссияның шешімімен 1994ж. қарашада бекітілген Қазақстан Республикасындағы ұлты қазақ азаматтардың аты-жөнін реттеу тұжырымдамасы жобасының III бөлімі «Ат қою тәртібі мен аты-жөнінің дұрыс жазылуын реттеуге» арналады. Мұнда «Аталған ұстанымдар бойынша өзгертілген, реттелген қазақ азаматтарының аты-жөндері орыс, ағылшын, т.б. тілдерде жазылғанда қазақ мемлекеттік тілінің әдеби нормаларына сәйкестендіріліп транслитерациялануы (әріптік сәйкестігі сақталып жазылуы) қажет» делінген [6, 15 б.].

1997ж. қабылданған “Қазақстан Республикасындағы тіл туралы” Заңның 19-бабында: “Елді мекендердің, көшелердің, алаңдардың, сондай-ақ басқа да физико-географиялық объектілердің дәстүрлі, тарихи қалыптасқан қазақша атаулары басқа тілдерде транслитерация ережелеріне сәйкес берілуге тиіс” делінген [7, 17 б.].

Ұстанымда қойылған талап пен Заңда көрсетілген баптың орындалуы қазақшадан

орысшаға транскрипциялау барысында ғана іске аса бастады да, басқа шетел тілдерінде қазақ атауларын транслитерациялаудың осы уақытқа дейін қабылданған ережесі болмағандықтан, басшылыққа алынатын “құжат” болмай, оның келеңсіз салдары қазақ ұлтының шетел тілдеріндегі жазба жұмыстарында өз залалын келтіріп келеді.

Ағылшын тілінің қанша уақыттан бергі ғаламдық статусына қарамастан, тіл білімінің антропонимдерін саласында не ономаст ғалымдар тарапынан, не қазақшадан ағылшын тіліне аудару жұмыстары барысында аудармашы-зерттеушілер тарапынан күні бүгінге дейін бұл тілде қазақ атауларын қалай жазу керек деген мәселе назарға ілікпеген. Мәселенің қордаланып қалғаны сонша, қазақ жалқы есімдерінің ағылшын тіліндегі графикасының жай-күйі жүйесіздіктің мейлінше шегіне жеткен жағдайда екеніне көз жеткіздік. Мәселе алғаш рет баспасөзде 2004ж. «Ана тілі» газеті беттерінде «Баспа мен баспасөзге сөз».

“Қазақ антропонимдерін атауларын ағылшын тілінде беруге жүйе керек” атты көлемді мақалаларда және Астана қаласында 2004ж. 30 қарашада ҚР Ақпарат және мәдениет министрлігі мен Тіл департаментінің ұйымдастыруымен өткен «Қазақ антропонимдерінның бүгінгі мен ертеңі» атты ғылыми-теориялық конференцияда көтерілді [8, 34 б].

Кеңестік жүйе кезінде де, Кеңестік кезеңге дейін де, кейін де қазақ антропонимдік атауларының ағылшын тілінде жазылуы жөнінде бірде-бір іс-шара қаралмаған. Кеңестік дәуірде 15 одақтас республикадан өзге шетелдермен бүгінгідей қарым-қатынастың маңызы болмағандықтан, халықаралық қатынас құралы – ағылшын тіліне сұраныс та болмаған. ЖОО-ның шет тілдері мамандықтарына тіпті «недобор» болып жататын. Ал қазіргі тәуелсіздікке қол жеткеннен кейінгі шетелдермен әр түрлі деңгейдегі тікелей қарым-қатынас, мәдениеттер диалогы қарқынды стихиялы динамиканы – жаһандануды жеделдетіп, ағылшын тіліне деген шұғыл қажеттілікті тудырды.

Ағылшын тілін үйренушілер санының жылма-жыл еселеп арту көрсеткіштеріне қарағанда келешекте бұл сауаттының бәрі білетін тілге айналатыны анық. “*EL Periodico*” беріп отырған мағлұмат – жаһанданудың бой бермес қарқынды күш екенінің дәлелі. Ал оған төтеп берудің амалдары тек ұлт құндылықтарын сақтап қалудан құралады. Ал қазақи ұғымдарды ғаламдық айналымға қосу мүмкіндігіне ие бірден-бір құрал ағылшын тілі болғандықтан, бұл тілде қазақ онимдерін түпнұсқадағы айтылымына мүмкіндігінше жақын нұсқада белгілі бір жүйемен жазуды қолға алу – ұлт мүддесі үшін атқарылатын барлық игі істер тізімінде бірінші тұруға тиісті іс-шара екені талассыз.

Ағылшын тілі біліміндегі – орфографиясы мен орфоэпиясы арасында үлкен контрастың орын алуымен ерекшеленетін болғанымен, жазылу емлесі қатаң қалыптасқан, әр түрлі жазылатын (танымал) жалқы есімдері жоқ, бұл тұрғыда заңдылықтары тым қатал, консервативті тіл. Мәселен, *Цезарь, Эрмитаж, Шекспир* сөздерінің *Caesar, the Hermitage, Shakespeare* дегеннен басқа жазылуы жоқ. Демек, ағылшын тілінде біркелкі дұрыс жазылуы үшін есімнің ағылшын сөзі болуы міндетті емес, жаңадан қосылып жатқан онимдерді есепке алмағанда жалқы есім атаулының әлемдік деңгейде тұрақтанып болғаны әлдеқашан. Қазақ халқының да *Абылай хандай* тарихи тұлғалары мен *Абайдай* ғұламаларының есімдері ағылшын тілінде (өзге де шетел тілдерінде) бірізді жазылып қалыптасуы тиіс [9, 13 б].

Антропонимдік атаулар тілде сөйлейтін халықтың тарихы, мәдениеті, этнографиясы, бір сөзге сыйдыра айтқанда, тұтас болмасынан хабар беретін кең мағыналы ұғым. Бұл ұғымға саятын лексиканың барлығын аудармашы, не түпнұсқа авторы транскрипция, не болмаса транслитерация тәсілі арқылы тілден тілге көшірмейді. Біздің жұмысымыз онимдерді тілден тілге трансформациялаудың (107 б. көрсетілген 10-нан астам) әдіс-тәсілдерінің барлығын емес, бар болғаны транскрипция мен транслитерация жолымен берудің проблемасын шешу **мақсатын** алға қояды. Батыс әдебиет көздері мен ағылшын тіліндегі аудармалары орысша нұсқасынан жасалған кейбір (мыс, М. Шаханов пен Ш. Айтматовтың “Құз басындағы аңшының зары” сияқты) өзге де танымал шығармалар толықтай болмаса да, жекелеген нақты мысалдар үшін зерттеу нысанына алынады. Спутникті антенна көмегімен *BBC World News, Caspionet*, т.б. телеарналардан мәтінді теледидар арқылы, бейне таспа арқылы және тікелей көру, тыңдау жолымен жазылып

алынған **материалдар**, аудиторлық эксперимент **материалдары** алынады. J.C. Wells-тің *Longman Pronunciation Dictionary* айтылым сөздігі т.б. сөздіктер – қосымша дереккөздері.

Мақалада жұмыстың алға қойған мақсат-міндеттері негізінен тіл статикасы бойынша шешім табуға бағытталғанымен, кейбір жекелеген сұрақтар бойынша тіл динамикасына да соғамыз. Сонымен, жұмыс барысында зерттеудің диахрондық-синхрондық, сипаттама, тарихи салыстырмалы, салғастырмалық, этимологиялық, этнолингвистикалық және статистикалық әдіс-тәсілдері қолданылды. Қазіргі қазақ тілінде қалыптасқан фонема теориясындағы екі бағыттың сингармониялық емес, акцентті-фонологиялық (дәстүрлі) бағытын ұстанамыз. Екі тілдің фонологиясы мен орфографиясының арақатынасы салғастыру және сипаттама тәсілдері арқылы жүзеге асады. Осы уақытқа дейінгі тәжірибені сараптап, ұстанымдарымызбен үндес келетін нұсқаларды іріктеуіміз арқылы дәстүрлі сабақтастық принципі жалғастық табады;

Қазақ тілінен хабары бар/хабары жоқ жас ерекшеліктері әртүрлі бірнеше американдық және британдық тіл өкілдерінен құралған репортерлармен жасалған “How would you spell?” („Қалай жазар едіңіз?“), “How would you read?” (“Қалай оқыр едіңіз?“) деп аталатын 2 сатыдан тұратын аудиторлық эксперимент қорытындыларына лингвистикалық сараптама жасалып, басымдылыққа ие болған ұтымды нәтижелер ескеріледі, олар төмендегідей:

- қазақ және ағылшын тілдерінің әліпбиі, дыбыстық жүйесі мен графикасын біртұтас қамтыған типологиялық контрастивті сипаттама тұңғыш рет жасалады;

- орыс тіліндегі *английский*, қазақ тіліндегі *ағылшын* лексемаларының этимологиясы бағамдалады;

- осы күнге дейінгі ағылшын тілінде жазылған туындыларда қазақ онимдерінің берілу жай-күйі тұңғыш рет ғылыми зерттеу нысанына алынып, олардың транслитерациялануы көпнұсқалығының себептеріне ғылыми тұрғыда анализ жасалады, лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлары анықталады;

- қазақ тіліндегі инвариант-фонемаларды ағылшын тілі графикасында таңбалауға негіз болатын ұстанымдар жасалып, соның негізінде қазақ онимдерінің айтылымына мейлінше жақын берілуін қамтамасыз ететін, олардың графикасын жүйелі біріздендіретін транслитерациялау ережесі (жоба) жасалады, жұмыс соңында тіркелген Қосымша А-да ереже алғашқы рет сынақтан өткізіледі;

- аударма мәтінінде лингвомәдени бірлік ретінде онимдердің берілу тәсілдері тұңғыш рет кең мағынасында қарастырылады, әркелкі аударылып, жартылай калька (калька + транслитерация/транскрипция; транслитерация/транскрипция + калька) тәсілімен беріліп жүрген кейбір белсенді қолданыстағы этнографизмдердің адекватты нұсқалары

Болашақта орфографияның фонематикалық принципін негізделген графикаға өту жолдары қарастырылып, ағылшынның жазу-сызуына түбегейлі реформа жасаудың жолдарын іздеу енді мүмкін болмай барады. Себебі, орфографияға реформа енгізу үшін тілдегі бір лексеманы құрап тұрған графемалар, қаншалықты күрделі екендігіне қарамастан белгілі бір фонемалардың көрсеткіші болуы тиіс болатын. Фонографиялық пен идеографиялық типтердің жар ортасында қалып отырған ағылшын тілінің жазуы тілді жойылып кетуден сақтап қалатын бірден-бір қалып (форма) болып қалады. Себебі, сөйлеу тілінде түсіністік болмаған жағдайда түсінісу мүмкіндігі тілдің жазба формасында сақталады; қазақ (және орыс) аудиториясында ағылшын тілін оқыту әріп пен дыбыс айырмашылығын ашып беруге ерекше назар аударудан басталу қажет [10, 21 б].

Олай болмаған жағдайда тіл үйренушілер соңғы курсқа дейін әріп пен дыбысты, кей әріптерді (мәселен, *s* әрпін [sJ] деп, *c* әрпін [es] деп, *g* және *j* әріптерін ажырата алмай, *j* әрпі мен [j] дыбысын ажырата алмай, бірінің орнына бірін айту, бірінің орнына бірін жазу сияқты, т.б.) шатастыруды қоймайды;

қазақ тіліндегі *ағылшын* және орыс тіліндегі *английский* лексемаларына француз тіліндегі *anglais(e)* сөзі этимон болады;

қазақ онимдерінің осы уақытқа дейінгі ағылшын мәтіндерінде берілу көпнұсқалығы, біздің пайымдауымызша, 8 себептен: (5) лингвистикалық, (3) экстралингвистикалық

факторларға байланысты орын алған;

қазақ онимдерін ағылшын тілінде (жұмыста ұсынылған) транслитерациялау ережесі арқылы және кейбір белсенді қолданыстағы этнографизмдерді *қазақ – kazakh, Қазақстан – Kazakhstan, Орда – Horde, үш жүз – three zhuzes (Ұлы жүз – the Great Zhuz, Орта жүз – the Middle Zhuz, Кіші жүз – the Small Zhuz), Ұлы Жібек жолы – the Great Silk Road* нұсқаларында жүйелі қалыптандыруға болады [11, 19 б].

Болашақта қазақ онимдерінің (антропоним, топоним, т.б. салалары мен *реалийлердің* дербес) қазақша-ағылшынша сөздіктерін жасауға мүмкіндік туады, оның нәтижелері компьютерлік лингвистиканың қалыптасып, дамуына: машиналық аударма жасауда; электрондық сөздіктер, тезаурустар, жасауда; таңбаны, сөзді автоматты түрде тануда, деректерді автоматты түрде шығаруда, т.с.с. тілді автоматтандыру жұмыстарында пайдалы; екі тілді мәдениетаралық қарым-қатынасты жеңілдетеді; ағылшын тілінің фонетикалық транскрипциясындағы таңбаларды қазақ дыбыстарының көмегімен таныстыру қазақ аудиториясында ағылшын тілін оқытуда ең қиын да, ұзақ уақыт жұмсалатын үдерісті жеңілдетеді, жеделдетеді, бұл тәсіл ағылшын тілін өз бетінше үйренушілерге де пайдалы.

Қолданылған әдебиет :

1. Жанұзақов. Т. Очерк казахской ономастики.-Алматы.,1982, 10 б.
2. Теория и методика ономастической исследований. –М: Наука.,1986, 5 б
3. Валитова А. Этнонимы в тюркоязычном памятнике XI в. «Кутадгу билиг»
// Международный конгресс антропологических и этнографических наук. –М., 1964. 24 б
4. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Актуальные вопросы казахского языка. Алматы: Ана тілі, 1998. – 20 б.
5. Махпиров В.У. Имена далеких предков (источники формирования и особенности функционирования древнетюркской ономастики). –Алматы: Институт востоковедения МН-АН РК, 1997. –11 б.
6. Суперанская А.В. Теоретические основы практической транскрипции. М.: Наука, 1978. – 15 б.
7. Қазақ тілі // энциклопедия «ІДК-ТІПО» ред. баспа орт. Алматы, 1998. –17 б.
8. Воркачев С. Счастье как лингвокультурный концепт. –М., 2004. –34 б.
9. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание/Пер. с англ. Отв. ред. Н.А.Кронгауз. –М.: Русские словари, 1997. –13 б.
10. Теория и методика ономастической исследований. –М: Наука.,1986, 21б..
11. Байпақов К.М. Последам древних городов Казахстана (Отарский оазис). – Алматы, 1990, 19 б.

УДК: 81`243:004

ИННОВАЦИОННЫЕ МЕТОДЫ ИЗУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

Мержакыпова Айдана Қанатқызы, Еділбайқызы Айдана

aidana_96.mk@mail.ru, aidana-berkinbaeva@mail.ru

Евразийский Национальный Университет имени Л.Н. Гумилева, филологический факультет, кафедра теории и практики иностранных языков, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Н.О.Омарханова

Сегодня знание иностранного языка особенно необходимо для каждого человека. Причин почему нужно знать иностранные языки довольно много. Одни изучают язык, чтобы общаться с людьми с самых разных стран мира, а другие для будущей карьеры. Знание языков помогает людям развивать интеллект, знать больше о культуре народа изучаемого языка и просто иметь друзей со всех концов света.

Впоследствии научного и технологического прогресса, который привел к прорыву в